



Жұмыс-/ оқу орнын іздестіруге арналған виза туралы ақпарат

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Жалпы ақпарат

Бұл виза қызығушылық танытқан шетелдік мамандарға олардың біліктілігіне сәйкес жұмыс табу мақсатында жұмыс іздеу үшін ең көп дегенде алты ай Германияда болуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, алты айға оқу орнын іздеу үшін виза беруге болады. Сіз жұмыс іздеу барысында өзіңіздің біліктілеуіңізге сәйкес аптасына он сағатқа дейін сынақ жұмысын істей аласыз.

Мамандардың көші-қоны туралы жалпы ақпаратты [мамандар порталы](#) арқылы табуға болады.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.
- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты** + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сотталмағандығы туралы анықтама (өтініш берген кезде үш айдан ескі болмауы керек).
 - егер аты-жөні өзгермеген жағдайда: e.gov-тан электрондық көшірме екі дана.



- егер аты-жөні өзгертілген жағдайда: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама. Анықтамада тегі және бұрынғы барлық аты-жөні көрсетілуі шарт, апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі.
- егер сотталғандығы болса: тиісті сот шешімдерінің апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі.

- 2 дана білімі және жұмыс тәжірибесі туралы мәліметі бар кесте түрінде жасалған өмірбаян
- 2 дана өзіңіз құрастырған және жеке қолтаңбалы уәждемелік хат. Хатта алдағы жұмыс іздестіру туралы ақпарат болуы тиіс (сала, аймақ, баспана жағдайы).
- Бар болса: 2 дана әлеуетті жұмыс берушілермен байланысы туралы растау.
- Жоспарланған мерзімге айына 947 еуро мөлшерінде ақшалай қаражаттың болуын растайтын құжаттар. Өтініш берген кезде, кем дегенде, 5. 682 еуро қаражат және Германиядан кері қайту үшін 500 еуро мөлшерінде қосымша қаражат болу қажет.
Қаржыландыруды келесі құжаттар арқылы растауға болады

- „Тұрақты тұру туралы“ заңының 66-68 баптарына сәйкес міндеттемелерді қабылдау туралы өтініштің (**Verpflichtungserklärung**) түпнұсқасы мен 2 дана көшірмесі (визаны рәсімдеу үшін өтініш берген күніне дейінгі соңғы 6 айдың ішінде берілген). Бұл құжатта тұрақты тұру мақсаты «Жұмыс іздестіру» деп және шақырушының төлем қабілеті туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.
- Толық тұрақты тұру мерзіміне жеткілікті **947 еуро** мөлшерінде айлық лимиті бар неміс банктерінің бірінде **шектелген есеп шоттың** ашылғаны туралы растау 2 данада. Виза алу үшін өтініш тапсырылған кезде, осы шоттың ресми ашылуы және төленген жалпы қаражат пен ай сайын қолға берілетін қаражат көрсетілуі керек. Бұл қаражатты көрсетпестен растау жеткіліксіз. Шектелген шотты, негізінен, Германия аумағында банктік операцияларды жүргізуге рұқсат етілген кез келген қаржы институтында ашуға болады. Осындай қызметтерді ұсынатын банктердің тізімін Германия Сыртқы істер министрлігінің веб-сайтынан табуға болады.

Егер Сізде жоғары білім болса және жұмыс іздегіңіз келсе:

- Оқу ұзақтығы кемінде екі жыл болатын кәсіптік білім алу туралы дәлелдеме: **бағалар тізімі көрсетілген дипломның түпнұсқасы + көшірме екі дана.**
- Шетелдік кәсіби білімді тану туралы шешім түпнұсқада + екі дана көшірме.** Шетелдік кәсіби білімді тану туралы өтініш беруге жауапты мекемені мына жерден таба аласыз: [Германиядағы тану](#). Рәсімдеу туралы қосымша ақпаратты мына жерден таба аласыз:
 - www.make-it-in-germany.com
 - www.anerkennung-in-deutschland.de
 - Hotline „Arbeiten und Leben in Deutschland“: +49 30 1815 – 1111
 - [Zentralstelle für ausländisches Bildungswesen](#)

- Егер Сіз **реттелетін мамандық** бойынша жұмысқа орналасқыңыз келсе (мысалы, денсаулық сақтау және мейірбике көмекшісі): кәсіби лицензия немесе кәсіптік



лицензияға кепілдік түпнұсқада + екі дана көшірме. Бірқатар реттелетін мамандықтар үшін кем дегенде В1 деңгейінде неміс тілін білу қажет. Реттелетін кәсіптер туралы ақпаратты „[Германиядағы тану](#)“ (көп тілді) немесе „[BERUFENET](#)“ (тек неміс тілінде) табуға болады.

- Неміс тілін В1 деңгейінде меңгергеніңіз туралы растау, түпнұсқасы мен 2 көшірмесі (мерзімі өтініш берген кезде бір жылдан аспауы керек).

Егер Сізде жоғары білім болса және жұмыс іздегіңіз келсе:

- Университет дипломы: диплом бағалар тізіммен түпнұсқасы мен 2 көшірмесі

- [anabin дерекқорынан](#) Сіздің жоғарғы оқу орнын бітіру туралы дипломыңыз Германияда танылғанын екі данада НЕМЕСЕ [ZAB білім туралы құжатты бағалау](#) (шетелде білім беру жөніндегі орталық мекеме) түпнұсқасы мен 2 көшірмесі, егерде

- Сіздің дипломыңыз [anabin дерекқорында](#) „шартты түрде салыстырмалы“ деп тіркелсе.
 - Сіздің университетіңіз [anabin дерекқорында](#) „Н-“ деп тіркелсе.
 - Сіздің дипломыңыз және /немесе Сіздің университетіңіз [anabin дерекқорында](#) тіркелмеген жағдайда.

- Егер Сіз **реттелетін мамандық** бойынша жұмысқа орналасқыңыз келсе (мысалы, дәрігерлер, фармацевтер, мұғалімдер). Кәсіби лицензия немесе кәсіптік лицензияға кепілдіктің түпнұсқасы мен 2 көшірмесі. Бірқатар реттелетін мамандықтар үшін кем дегенде В1 деңгейінде неміс тілін білу қажет. Реттелетін кәсіптер туралы ақпаратты „[Германиядағы тану](#)“ (көп тілді) немесе „[BERUFENET](#)“ (тек неміс тілінде) табуға болады. Егер Сіздің кәсіптік қызметті жүзеге асыруға лицензияңыз болса, онда сертификатты бағалаудың қажеті жоқ.

- Егерде бар болса: Неміс тілін білудің дәлелі * түпнұсқасы мен 2 көшірмесі

Егер Сіз оқу орынын тапқыңыз келсе:

- Жас шегі: Виза Сіз өтініш берген кезде 25 жасқа толмаған жағдайда ғана беріледі.

- Мектепті бітіргені туралы аттестат: **бағалар тізімі, аттестаттың түпнұсқасы + екі дана көшірме**. Мектепті бітіру туралы аттестат немесе орта мектепті бітіргендігі туралы куәлік Германиядағы немесе осы білімді алған елдегі жоғары оқу орнына түсуге құқық береді. [anabin дерекқоры](#) арқылы Сіз бітірген оқу орнының бітіру туралы куәлікті Германиядағы университетте оқуға құқық беретіндігін тексере аласыз.

- Қажет болған жағдайда: қосымша біліктіліктің дәлелі (аяқталған кәсіптік білім немесе жоғары оқу орынын аяқтау туралы диплом): **диплом және бағалар тізімі, түпнұсқасы мен 2 көшірмесі**.

- Неміс тілін В2 деңгейінде меңгергендігі туралы дәлел (мерзімі өтініш берген кезде бір жылдан аспауы керек), түпнұсқасы мен 2 көшірмесі.

Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:

- Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.

* Неміс тілін білу дәлелі:



Тілді білетіндігінің дәлелі, ең алдымен, ALTE (Association of Language Testers in Europe) стандарттарына сәйкес сертификатталған емтихан ұйымының тілдік сертификатына негізделеді, оның филиалында өкілдері бар.

Қазақстанда орналасқан емтихан мекемелерінің ішінен тек Гете-Институты e.V. және онымен байланысты тілдерді оқыту орталықтары қазіргі кезде жоғарыда аталған талаптарға сай келеді. Олар ұсынатын тіл емтихандары туралы қосымша ақпаратты „Start Deutsch 1“ [Қазақстандағы Гете-институттың веб-сайтынан](#) таба аласыз.